



«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

ЕРЕЖЕ



БЕКІТЕМІН




«Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті» КеАҚ
Басқарма төрағасы - ректор
С.Н.Идрисов
«19» 01 2024ж.

**«ASUMIT» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КЛУБЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

№ 144

Атырау 2024 ж.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАК	Басшы: екінші
	«ASUmit» қайырымдылық клубы туралы Ереже	2 - бет, 9 беттен тұрады

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасақтаған	Жастар саясаты департаменті директоры	Г. Саясат		18.01.2024
Келісілді	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	А.Е. Чукуров		18.01.2024
	Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор	Л.Е.Қойшығұлова		18.01.2024
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т.Кайшыгулова		18.01.2024
	Заңгер	К.С.Куанов		18.01.2024

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАК	Басылым: екінші
	«ASUnit» қайырымдылық клубы туралы Ереже	3 - бет, 9 беттен тұрады

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Қысқартулар	4
3	Нормативтік сілтемелер	4
4	Негізгі міндеті	4
5	Негізгі қызметі	4
6	Ұйымдық құрылымы	4
7	Құқығы	6
8	Жауапкершілігі	6
9	Қорытынды ережелер	6
10	Өзгерістер енгізу тәртібі	6
	Танысу парағы	8
	Өзгертулер мен қосымшаларды тіркеу парағы	9

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	«ASUmit» қайырымдылық клубы туралы Ереже	4 - бет, 9 беттен тұрады

1 Жалпы ереже

- 1.1 Атырау университеті «ASUmit» қайырымдылық клубы (әрі қарай-ҚК) – студенттердің мемлекет қамқорлығындағы қарт адамдарға, жетім балаларға, балалар мен қарт азаматтарға, аз қамтамасыз етілген және қамқорлыққа мұқтаж адамдарға және көмекке мұқтаж өзге де адамдарға әртүрлі көмек және қолдау көрсету;
- 1.2 Клубтың қызметі еріктілік, тең құқылық, өзін-өзі басқару және заңдылық қағидаттарына негізделеді.

1.3 Клуб қоғамдық бірлестіктердің одақтарына (қауымдастықтарына) кіре алады

2 Қысқартулар

Осы ережеде төмендегі қысқарған сөздер қолданылады:

АУ – Атырау университеті;

АМЖП - Академиялық мәселелер жөніндегі проректор

ӘМЖЖСЖП – Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректор;

ҚББ – Құрылымдық бөлімнің басшысы;

СМК- Сапа мониторингі кеңсесі.

3 Нормативтік сілтемелер

3.1 АУ жарғысы;

3.2 Қазақстан Республикасында қолданыстағы заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер;

3.3 АУ ішкі құжаттамасы

4 Негізгі міндеті

4.1 Қорды құрудың негізгі міндеті ерікті мүліктік жарналар мен заңмен тыйым салынбаған басқа да түсімдер негізінде клубтың мүлкін қалыптастыру және оны адамгершілік, риясыз өзара көмек идеяларын, жалпы адамзаттық құндылықтарды құрметтеу атмосферасын бекітуге жәрдемдесу үшін пайдалану болып табылады. Қордың негізгі мақсаттары:

4.2 тарихи, мәдени немесе табиғат қорғау маңызы бар объектілер мен аумақтарды қалпына келтіруге, абаттандыруға және қорғауға жәрдем көрсету;

4.3 көмек қажет ететін адамдарға, оның ішінде қарт адамдарға, жетім балаларға және аз қамтамасыз етілген адамдарға көмек көрсетуге және қолдауға бағытталған түрлі қайырымдылық ұйымдарының күш – жігерін біріктіру және шоғырландыру;

4.4 Филантропияны жаңғырту және дамыту, қайырымдылық іс-шараларын өткізу

5 Негізгі қызметі

5.1 Көмек пен қолдауға мұқтаж адамдарды ақпараттық және өзге де көмекке және қолдауға бағытталған қайырымдылық ұйымдары өкілдіктерінің бірыңғай орталығын құру

5.2 Қайырымдылық пен әлеуметтік саланы қаржыландыру үшін ірі, орта, шағын бизнес, бюджет және жеке тұлғалардың қаражатын біріктіруге мүмкіндік беретін жобаларды әзірлеу және іске асыру.

6 Ұйымдық құрылымы

6.1 Клуб Кеңесі;

6.2 Клуб Төрағасы.

6.3 Клуб Кеңесі қорды басқарудың жоғары органы болып табылады.

6.4 Клуб Кеңесі өз отырыстарында шешімдер қабылдайды.

6.5 Егер отырысқа оның мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, Клуб Кеңесінің отырысы заңды болады.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАК	Басылым: екінші
	«ASUnit» қайырымдылық клубы туралы Ереже	5 - бет, 9 беттен тұрады

- 6.6 Клуб Кеңесінің отырысындағы шешімдер отырысқа қатысып отырған көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Клуб Төрағасының дауысы шешуші болып табылады.
- 6.7 Клуб Кеңесінің өз қызметінің кез келген мәселелері бойынша шешім қабылдауға құқығы бар. Клуб Кеңесінің айрықша құзыретіне::
- 6.8 Клуб қызметінің басым бағыттарын, оның мүлкін қалыптастыру және пайдалану қағидаттарын айқындау;
- 6.9 Клуб Төрағасын сайлау және кері қайтарып алу және оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 6.10 Клубтың басқа ұйымдарға қатысуы;
- 6.11 қолданылып жүрген заңдарға сәйкес Клубты қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдау
- 6.12 Клуб Кеңесінің отырысы жылына кемінде бір рет өткізіледі.
- 6.13 Клуб Кеңесінің отырысын Клуб Төрағасы шақырады.
- 6.14 Клуб Кеңесі қажет болған жағдайда жекелеген мәселелерді шешу үшін клуб еріктілерін тарта отырып, өз құрамынан комитеттер құра алады.
- 6.15 Клуб Кеңесінің мүшелері өз міндеттерін осы органда ерікті ретінде орындайды.
- 6.16 Клубтың құқықтары мен міндеттері
- Клуб құқығы :
 - Өз қызметі туралы ақпаратты еркін тарату;
 - Клубтың мақсаттарына қол жеткізуге қызмет ететіндіктен, кәсіпкерлік қызметті тек қайырымдылық бағыты бойынша жүзеге асыру;
- 6.17 Клуб міндетті:
- Қазақстан Республикасының заңнамасын, оның қызмет саласына қатысты халықаралық құқықтың жалпыға танылған нормаларын сақтау;
 - Клуб Кеңесінің дербес құрамы туралы мәліметтерді беруге;
 - Клуб бағдарламаларының құрамы мен мазмұнын, қызметінің нәтижелері туралы мәліметтерді қамтитын өз қызметі туралы есепті ұсынуға;
- 6.18 Клубқа мүшелік
- Университет студенттері, магистранттары, оқытушылары клуб мүшесі бола алады.
 - Клуб мүшелерінің тең құқықтары бар және тең міндеттер атқарады.
 - Клуб мүшелерінің құқығы бар:
 - клубтың қолдауын, қорғауын және көмегін пайдалану;
 - басшы және бақылаушы органдарды сайлауға қатысу;
 - клуб өткізетін іс-шараларға қатысу
 - клубтың қызметіне қатысты ұсыныстар енгізу және оларды талқылауға және іске асыруға қатысу;
 - клубтың қызметі туралы ақпаратты алуға
 - өтініш негізінде клуб мүшелігінен өз еркімен шығу.
- 6.19 Клубтың мүлігі
- қайырымдылық аукциондары;
 - азаматтар мен заңды тұлғалар ақшалай немесе заттай нысанда ұсынатын ерікті жарналар мен қайырымдылықтар, оның ішінде мақсатты сипаттағы (қайырымдылық гранттары);
 - клубтың мақсаттарын орындауға бағытталған өткізілетін лекциядан, көрмелерден, аукциондардан, өзге де іс-шаралардан түсетін түсімдер;

	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАК	Басылым: екінші
	«ASUmit» қайырымдылық клубы туралы Ереже	6 - бет, 9 беттен тұрады

7 Құқығы

7.1 Клубтың құқығы бар:

- өз қызметі туралы ақпаратты еркін тарату;
- кәсіпкерлік қызметті тек қайырымдылық бағытта жүзеге асыру, өйткені ол клубтың мақсаттарына қол жеткізуге қызмет етеді.

7.2 Клуб міндетті:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын, халықаралық құқықтың өз қызметі саласына қатысты жалпыға бірдей танылған нормаларын сақтау;
- Клуб кеңесінің дербес құрамы туралы мәліметтерді ұсынуға;
- Клуб бағдарламаларының құрамы мен мазмұны, қызметінің нәтижелері туралы мәліметтерді қамтитын өз қызметі туралы есеп беруге міндетті

7.3 Ескірген ережені ауыстыру және алып қою үшін ҚББ және СМК жауапты болады.

Түпнұсқаға және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге ҚББ жауапкершілікте болады.

ҚББ-не енгізілетін өзгерістер АМЖП рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолының қойылуымен құжатталып, бекітіледі. Түпнұсқа және есепке алынған жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Ережелерді жасақтау тәртібі талаптарына сай жүргізіледі

Ережені ҚББ мерзімділігі қажет болған жағдайда қайта қарап отырады.

Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз бола алады:

- заңдық күші бар нормативті-құқықтық актілерге енгізілген жаңартулар мен өзгерістердің болуы;
- басқарма төрағасы - ректорының бұйрықтары;
- құрылымдық бөлімдер арасындағы міндеттердің қайта бөлінуі;
- құрылымдық бөлімдердің қайта құрылуы;
- мекеменің және құрылымдық бөлімдердің атаулары өзгерген жағдайда Ереже ауыстырылады.

8 Жауапкершілігі

8.1 Қорға қатысушылар өз қызметі үшін толық жауапты болады;

8.2 Алғы сөзде көрсетілген құжатты әзірлеушілер әзірлеу, мазмұны, құрылымы, ресімделуі үшін жауапты болады.

8.3 Бекітілген құжатты қызметкерлердің назарына жеткізгені үшін құжатты әзірлеушілер жауапты болады.

9 Қорытынды ережелер

9.1 Осы Ереже Университет басшылығы бекіткен сәттен бастап күшіне енеді. Бекітілген Ереженің көшірмесін құрылымдық бөлімше басшысы Университеттің мүдделі қызметкерлеріне таныстыру парағына қол қойдыру арқылы таныстырады.

10 Өзгерістер енгізу тәртібі

10.1 Түпнұсқа мен есептік жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жауапкершілік ҚББ-ға жүктеледі.

Ережеге өзгерістер мен толықтыруларды енгізуді әзірлеуші жүзеге асырады — бұл жаңа құжатты әзірлеу, оны келісу және әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты жөніндегі проректордың рұқсатымен белгіленген тәртіппен бекіту арқылы ресімделеді. Ереже бекітілгеннен кейін түпнұсқа данасын әзірлеуші тіркеу және сақтау үшін СМК-ға тапсырады. Ескіруіне немесе күшін жоюына байланысты Ережелерді қайта өңдеуге және СМК-ға тапсыруға ҚББ жауап береді.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: екінші
	«ASUnit» қайырымдылық клубы туралы Ереже	7 - бет, 9 беттен тұрады

Жаңа нұсқадағы Ереженің бекітілуі жоғарыда аталған күшін жойған құжаттарды алып тастауға негіз болып табылады. Күшін жойған құжаттарды СМК-дан алып тастау мен ауыстыруды Ережені әзірлеген құрылымдық бөлімше басшысы жүзеге асырады.

Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіз болуы мүмкін:

-заң күшіне ие нормативтік құқықтық актілерге енгізілген жаңа өзгерістер мен толықтырулар;

-Басқарма Төрағасы – ректордың бұйрықтары;

-құрылымдық бөлімшелер арасындағы міндеттерді қайта бөлу;

-құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру;

-ұйымның немесе құрылымдық бөлімшенің атауы өзгерген жағдайда.

